

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Алаш аңсаған өнер туындылары

ЖАРИЯЛАНДЫ  
20.04.2023СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/137147/

## Алаш аңсаған өнер туындылары

Қазақстан өнер саласында біршама дамып, жаңғырып келеді. Жаңа кезеңдегі өнердің дамуы еліміз үшін беделді еңбектің көрінісі. Өнер саласының бірі-кино индустриясының белсенді жаңғыруы. Қазіргі уақытта, елімізде көптеп кино, фильмдер түсіріліп жатыр. Солардың ішінде адамды елжіретіп, жүрегіңді «Алаш» деп соқтыратын, патриотизмге баулитын тарихи фильмдер халықтың көзайымына айналды. Әсіресе, жастар қауымына бұл тарихи фильмдер ауадай қажет. Кейінгі ұрпақ өз тарихын білсе, еліміз одан сайын дамитыны анық.

Алаш зиялылары туралы телехикаялар халыққа жол тартып, зиялыларымыздың елі үшін еңбегі, қайғы-қасіретті бейнелерін ашық көрсетеді. Мәселен, «Ахмет. Ұлт ұстазы» туындысы сол кезеңдегі қазақ халқының тарихын, білім жолындағы қиыншылығын, ұлт мұраты жолындағы қажымас еңбегін дәріптейді. Ахмет Байтұрсыновтың «Қалайда қазақ балалары білім алуы керек» деген сөзі нағыз «ұлттың ұстазы» екендігін дәлелдеді.

Алаш зиялыларының өкілдерінің бірі-Міржақып Дулатұлына арналып, «Міржақып, Оян Қазақ» телехикаясы көпшілік қауымның жүрегіне жетті. Бұл фильм жарық көре сала, көп қаралым жинап үлгерді. Міржақып Дулатұлының революция жылдарындағы тартқан азабы, халықты жігерлендіріп, ояту үшін «Оян Қазақ» өлеңінің жарық көруі, сонымен қатар, Қазақстандағы ең тұңғыш роман-Бақытсыз Жамал романының жазылу барысы сипатталады. Елі үшін жасаған еңбегі үшін абақтыға жабылып, қайғы-қасіретке ұшырауы баяндалады.

Жастарға үміт сыйлаған, алаш арысының бірі-Мағжан Жұмабаев. Мен жастарға сенемін туындысында Мағжан Жұмабаевтың ұлт үшін басын құрбандыққа шалған қайраткерлігі туралы баяндалады.

Сәкен Сейфуллинмен достығы ерекше көрініс табады. Небәрі 4 бөлімнен тұратын бұл телехикаяда көптеген өнеге мен тәлім-тәрбие жатқаны баршаға мәлім.

Осындай туындылар көптеп шығарылып тұрса нұр үстіне нұр болар еді. Қазақ

*халқының қалыптасу тарихын,қиыншылық кезеңдерін білу арқылы біз ата-бабамыздың еңбегін бағалай аламыз.Бұл туындыларда соны дәріптейді.Жоғары да атап көрсеткен өнер туындыларын әр қазақ көруі тиіс деп ойлаймын.Барша жанға кеңес беремін.Алаш біздің мәңгі жүремізде!*

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.